**Бекітемін:** ..................

Мектеп директоры : Д.М. Елгондина

«28» тамыз 2021ж

**Тексерілді:** ..............

ОІЖО: М.Б. Желдибаева

«28» тамыз 2021ж

**Әдістемелік бірлестікте қаралды:** ..........

Ә/Б жетекшісі: Ә.Е.Акылбекова

«27» тамыз ............2021 ж

# Перспективалық күнтізбелік жоспар

**(Мектепалды даярлық сыныбы)**

## Мүсіндеу

**Сынып жетекшісі:** Желдибаева Марфуға Бактыгулкызы

**2021-2022 оқу жылы**

**Мүсіндеу**

Түсінік хат

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты(Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген).Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білімберудің жаңа методологиялық негізін анықтайды;
2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілікоқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж.22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚазақстанРеспубликасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығыменбекітілген). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білім берусаласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

**Мақсаты**: мүсіндеудің көмегімен мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылыққабілетін дамыту, кеңістікті түйсіну қабілетін, ой-қиялын, сенсорлық және эстетикалық қабылдауқабілетін, саусақ қимылдарын дамыту.

**Міндеттері:**
- балалардың бойында мүсіндеуге арналған түрлі материалдармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- мүсіндеуге қызығушылығын арттырып, шығармашылық ой-қиялын дамыту, есте сақтауқабілетін, байқампаздық қасиетін жетілдіру;
- кеңістікті түйсіну қабілетін қалыптастыру;
- заттарды шынайы затқа қарап, көзге елестете отырып және ойдан құрастырып мүсіндеуқабілетін дамыту;
- заттардың, мүсінделетін бұйымдардың пішіні мен өлшемі туралы кеңістіктік түсініктерінқалыптастыру;
- заттарды шынайы бейнесіне қарап елестететін, ойдан шығарып мүсіндеу дағдыларындамыту;
- мүсіндеу барысында түрлі бейнелерді, олардың сипатының, пішінінің, пропорцияларының,фактураларының, зат қозғалыстарының ерекшеліктерін өздігінен бере білу дағдыларындамыту;
- көркем-эстетикалық талғамды қалыптастыру және бейнеленген образдарға жанашырлықсезімдерін тәрбиелеу;
- қарапайым еңбек дағдыларына, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу;
- мүсіндеудің түрлі техникасын (конструктивтік, мүсіндік, аралас), сондай-ақ мүсіндеуге арналған материалдармен жұмыс істеу тәсілдерін меңгеру;

қазақ халқының ұлттық сәндік-қолданбалы өнерінің желісінпайдалана отырып отансүйгіштікке баулу.

Білім беру саласы: «Шығармашылық»
Бөлімі: «Мүсіндеу»

| № | ҰОҚ-нің өтпелі тақырыбы | Тақырыбы | Мақсаты | Сағат саны | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | « Мен кіммін және қандаймын?» | 1.Себет | Себеттің қажеттілігі туралы түсінік беру, ермексазды бірнеше бөлікке бөліп, есу тәсілі арқылы затты құрастырып мүсіндеуге үйрету. | 1 | 3.09 |
| | | 2.Жемістер (алма, алмұрт) | Пішінді мүсіндеудің басу, қысу, жалпақтау әдістерін пайдалана отырып, балаларды әртүрлі пішінді заттарды мүсіндеуге үйрету, сенсорлық тәрбие беру. | 1 | 10.09 |
| | | 3.Саңырауқұлақтар (ақ, қызғылт сары саңырауқұлақ) | Түс ерекшеліктерін ажырата отырып бірнеше саңырауқұлақты мүсіндеу арқылы сюжетті мүсіндеуге үйрету, үнгу , жалпақтау әдістерін меңгерту. | 1 | 17.09 |
| | | 4.Көкөніс (қияр , қызылша, сәбіз) | Балаларды көкөністің пайдасын түсіндіре отырып, мүсіндеуге үйрету. Қол бұлшық еттері, ойлау қабілеттерін дамыту. | 1 | 24.09 |
| 2 | «Мектепке не үшін барамыз?» | 5.Күзгі жапырақ (рельефті мүсіндеу) | Балаларға күз туралы түсінік беру, күз айларының атауын меңгерту, мүсіндеудің жалпақтау, бедерлеу, шымшу дағдыларын қалыптастыру. | 1 | 1.10 |
| | | 6.Тиін жаңғақ кеміреді | Тиін, тиіннің тіршілігі туралы түсінік беру, тиіннің мүсінін жасай білуге, дене бөліктерін біріктіріп қосу, шымшып қысу, дөңестеу тәілдерін үйрету, саусақ моторикасын жақсарту. | 1 | 8.10 |
| | | 7.Үйрек | Кесек ермексаздан үйрек бейнесін мүсіндеуді үйрету, мүсіндеудің шымшу, есу, басу, тегістеу тәсілдеріне жаттықтыру. | 1 | 15.10 |
| | | 8.Қоян бауырсақты кездестірді | Ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін мүсіндей білуге және кеңістікте орналастыра білуге үйрету. | 1 | 22.10 |
| 3 | «Менің айналамда кімдер бар?» | 9.Биші Әйгерім | Ойыншықтардың әр түрін мүсіндеуге, жеке жұмыстарды қосып мүсіндеуге үйрету. | 1 | 29.10 |
| | | 10.Торғай | Құстардың дене бөліктерінің көлемдерін үйлестіре білуге үйрету. Мүсіндеу арқылы қол қимыл қозғалыстарын дамыту. | 1 | 12.11 |
| | | 11.Түйе жайылып жүр. | әдемі түйенің мүсінін ермексазбен жасай білу әдіс тәсілдерін үйрету. Есу, шымшып, созу, домалақтау әдістерін меңгертуептіліктерін, түстерді дәл таңдай білу арқылы ұсақ қол қимылдарын дамыту. | 1 | 19.11 |
| | | 12.Жүйрік ат | Мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін сақтай отырып, жүйрік атты мүсіндеу. Мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту. | 1 | 26.11 |
| 4 | «Менің айналамда не қоршап тұр?» | 13.Бұғы (Дымков ойыншығы бойынша) | Дымков ойыншығын жасауға, сәндік мүсіндеу өнеріне үйрету. Мүсіндеу іскерліктерін, қол, саусақ моторикасын дамыту. | 1 | 3.12 |
| | | 14.Шана | Қысқы табиғат әсемдігін сезініп, шананы мүсіндей білуге үйрету. Ұсақ қол қимылдарын дамыту, түстерді сәйкес таңдау, іскерлік дағдыларын жетілдіру. | 1 | 10.12 |
| | | 15.Аққала соққан бала | Балаларға қыс мезгілі және қыс айлары туралы түсінік беру. Сөздік қорын молайту, еңбек үрдісі арқылы бала қиялын жетілдіру, саусақ мотоикасы арқылы шығармашалақпен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту | 1 | 24.12 |
| | | 16.Құыршақ (Дымков ойыншығы бойынша) | Сазбалшықпен жұмыс істей білуге үйрету, сәндік өнерге баулу, қол, саусақ мотрикасын дамыту, ұлттық құндылықтарды бағалай білуге тәрбиелеу. Эстетикалық сезімдерін қалыптатсыру. | 1 | 14.01 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | **«Жолдар бізді қайда бастайды?»** | **17.Біздің аю** | Аюдың өзіне тән ерекшеліктерін ажырата отырып мүсіндей білуге үйрету. Үнгу, бекіту, әдістерін меңгерту. Салыстыра отырып жұмыс істеу дағдыларын қалыптатсыру, жүйелі әңгімелей білуін дамыту. | 1 | 21.01 |
| | | **18.Қоян көжектерімен** | Балаларды қоянның тыныс-тіршілігімен таныстыру, қоянның үй жануарына жататынын түсіндіру. Ұсақ қол қимылдарын жетілдіру, баланың ойлау қабылетін, тілін дамыту, сөздік қорын молайту. | 1 | 28.01 |
| | | **19.Мысық жіп орамымен ойнайды.** | Саусақ арқылы жұмыс істеу дағдыларын қалыптатсыру. Ермексаздың түсін ажырата білу, саусақ бұлшық еттерінің қимыл қозғалысын дамыту. | 1 | 4.02 |
| 6 | | **20.Ит – адамның досы.** | Адам мен жануар бейнесін мүсіндеу іскерлігін қалыптастыру, шығармашылық қабылетін, көркемдік ойлауын дамыту. | 1 | 18.02 |
| | **«Салт-дәстүрді білу не үшін керек?»** | **21.Қуыршаққа арналған ыдыс (қасық, тәрелке, саптыаяқ)** | Геометриялық фигураларға келтіре отырып, ыдыстарды мүсіндеу. Шығармашылық қабылететрін дамыту. | 1 | 25.02 |
| | | **22.Құмыра** | Ыдыстар туралы түсініктерін кеңейтіп, құмыраны мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету. Есте сақтау, ойлау қабылеттерін, ұсақ қол қимылдарын дамыту. | 1 | 4.03 |
| | | **23.Әжемнің сандығы** | Балаларды мүсіндеудің тегіс нәрсеге бедерлі сурет түсіре білу әдісімен таныстыру және үйрету. | 1 | 11.03 |
| 7 | | **24.Менің сүйікті ойыншығым** | Балаларды сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелей білуге, қиялдау арқылы түрлі ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету. Ойыншықтарды мүсіндеу арқылы бала қиялын, ұсақ қол қимылдарын , ойлау қабылеттерін дамыту. | 1 | 18.03 |
| | **«Мен үшін не дәмді және пайдалы?»** | **25.8 наурызға арналған сыйлықты әшекейлеу** | Балалардың қол-қимыл әрекетін жетілдіру, шығармашалықпен жұмыс істеуге үйрету. Бірлесіп әрекет етуге, өз жұмыстарының нәтижесін салыстырып бағалай білуге жетелеу. | 1 | 1.04 |
| | | **26.Тостаған (Наурыз мерекесіне)** | Балаларды қазақтың сәндік қолданбалы өнерімен таныстыру. Қымыз құятын ыдыс-тостағанмен таныстыру, ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудара отырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру. | 1 | 8.04 |
| | | **27.Торсық** | Қазақтың ұлттық бұйымы-торсықпен таныстыру, торсықты ермексаздан мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету, торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру, торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылықпен таңдап, әшекейлеу жолдарын түсіндіру. | 1 | 15.04 |
| 8 | | **28.Кесе** | Мүсіндеудің созу, тегістеу, сылау сияқты техникалық әдістерін қолдануға, түстерді қабылдай білуге, ермексазды дұрыс қолдануға үйрету. | 1 | 22.04 |
| | **«Денсаулықты қалай күту керек?»** | **29.Ғарыш кемесі** | Балаларға ғарыш, зымыран, ұшақ туралы түсінік беру. Балалардың ой қиялын дамыту. | 1 | 29.04 |
| | | **30.Суда жүзген қайық** | Суда жүретін көліктер туралы түсініктерін қалыптастыру, қайық бейнесін мүсіндей білуді үйрету. | 1 | 6.05 |
| | | **31.Дән терген құс** | Балаларға құстардың тіршілігі туралы түсінік беру, мүсіндей білуге үйрету. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. | 1 | 13.05 |
| | | **32.Қанат жалау ұстап келеді.** | Бала бейнесін мүсіндей білуге үйрету.шығармашылық белсенділігін арттыру, қол, саусақ икемділігін дамыту. | 1<br>1 | 20.05<br>24.05 |